

Кокеева Д.М.  
**Рамакришна ілімінің  
діни-философиялық  
мән-маңызы**

Мақалада еуропалықтар үшін нағыз қазіргі таңдағы үнді ағартушысы, данышпаны, үнді қоғамында индуизм дінінің түрлі бағыттарын ымыраға шақырушы, ертедегі үнді дінін жаңғыртушы деп танылған тұлға Рамакришнаның өмір жолы мен діни-философиялық ілімінің тұжырымдары теориялық тұрғыда қарастырылады. Сонымен қатар барлық адамды бірдей көріп, бір сенімге шақырушы Бхагаван Шри Рамакришнаның ілімі ерте үнді дініндегі Веда дәстүріне сүйенетіндігі талданады және дін философиясының ұстазы әрі бхакти-йоганың негізін салушысы екендігі сөз етіледі.

**Түйін сөздер:** Рамакришна, дін, философия, бхакти, қоғам, ілім.

---

Kokeyeva D.M.  
**The significance of ramakrishna's  
religious and philo-  
sophical doctrine**

The article deals with the theoretical aspects of the life and the conclusions of the religious and philosophical doctrines of modern Indian educator for Europeans, genius, Ramakrishna, who was calling to compromise the different currents of Hinduism in the Indian society, recognized as a restorer of ancient Indian religions. At the same time, it analyzes the teachings of Bhagavan Sri Ramakrishna perceiving all people the same and calling them to one religion, which refers to the Vedic tradition in early Indian religion, and tells that he is the founder of bhakti-yoga and religious philosophy teacher.

**Key words:** Ramakrishna, religion, philosophy, bhakti, society, doctrine.

---

Кокеева Д.М.  
**Значимость религиозно-  
философской доктрины  
рамакришны**

В статье рассматриваются с теоретической стороны жизнь и выводы религиозно-философских учений современного для европейцев индийского просветителя, гения Рамакришны, призывающего к компромиссу различные течения индуизма в индийском обществе, признанного в качестве реставратора древней индийской религии. Наряду с этим, анализируется учение Шри Бхагаван Рамакришны, воспринимающего всех людей одинаково и призывающего к одной религии, которая ссылается на Ведические традиции в ранней индийской религии. Также говорится о том, что он является основателем бхакти-йоги и учителем религиозной философии.

**Ключевые слова:** Рамакришна, религия, философия, Бхакти, общества, учение.

**РАМАКРИШНА  
ІЛІМІНІҢ  
ДІНИ-ФИЛОСО-  
ФИЯЛЫҚ  
МӘН-МАҢЫЗЫ**

Рамакришна өз ілімінде индуизмнің түрлі бағыттарын ымыраға шақыра отырып, құдайды тану бар тірі тіршіліктің бүтіндігін ұғу болып табылады деп түсіндіреді. Дін ол үшін осы мақсатты жете түсіну құралы болды. Ригведада айтылғандай ақиқат біреу, бірақ оған жететін жолдар көп. Осы сөзді дәлелдеу барысында Шри Рамакришна барлық діннен ілім алып, мынадай қорытынды жасады: «Егер барлық діннің түбі бір деп қабылдаса, онда адамзат тамаша өмір сүрер еді. Себебі, дін – құдай жолы» [1, 5 б.], – дейді.

1990 жылдың 19 қыркүйегінде Ленинградтағы Рамакришна ілімінің мәдени институтының басшысы Свами Локешарананданың Рамакришна қоғамының құрылуы жөніндегі меморандумы қабылданды.

1991 жылдың 26 шілдесінде Ленинградта «Рамакришна қоғамының» діни бірлестігі тіркеліп, діни бірлестіктің алдына қойған мақсаты төмендегідей болды:

- құдай атымен қызмет көрсете отырып, Рамакришна ілімінің тәжірибесіндегі сабақтастықты көрсету;
- рухани тәжірибе мен сабырлықты сабақтастыра отырып, рухани-мәдени шараларды жүзеге асыру;
- үгітті шындай отырып, ілімді тарату;
- өнер мен кәсіпті дамытуды жүзеге асыру;
- рухани дамудың негізгі мәні туралы С. Вивекананда мен Рамакришна іліміне сүйене отырып, веданталық және басқа да діни-философиялық ойлардың негізін қалау;
- Рамакришна іліміндегі діни-философиялық ойларды тарату.

Осы мақсаттарды жүзеге асыру негізінде 1993 ж. Мәскеуде Рамакришна ордені құрылса, 1995 ж. «Рамакришна қоғамы – веданта орталығы» тіркелді. Веданта орталықтарының алғашқы басшылары ретінде Ресейде Свами Бхавьянанда, Свами Даятмананда, Швейцарияда Свами Амарананда, АҚШ, Калифорниядағы веданта қоғамының басшысы Свами Свахананда тағайындалды.

Үнді халқының көсемі М.К. Ганди: «Рамакришна тарихы – бұл дін тарихы. Рамакришнаның сөздері жай ғана сөз емес, өмір кітабынан алынған бұлақ. Осылардың бәрі оның жеке тәжірибесінің жемісі. Скептицизм дәуірінде Рамакришна жалынды сенім мен өнеге берді, – дейді.

Рамакришнаның бірегей рухани тәжірибесін тарихта ағылшын тарихшысы, әлеуметтанушысы Арнольд Тойнби былай суреттейді: «Оның діни әрекеті мен тәжірибесі жеткілікті. Осы уақытқа дейін дәл осындай дін данышпаны Үндістанда болған емес. Ол құдайдың ісін орындаушы» [2, 85 б.] десе, Махатма Ганди тағы бір сөзінде: «Рамакришна жаңа ілімді әкелген жоқ. Үндістанда етек алған ұлттық, касталық наным-сенімдер, жат діндерден бас тарту үшін негізделген әлемдік ілімді дәріптеуші. Үндістанда жалпылық мойындайтын қасиет Рамакришнаның бойынан табылады», [3, 7 б.] – деп өз ойын ортаға салады.

Рамакришнаның бала күнінен алдына қойған мақсаты – ақиқатқа жету, тану. Рамакришна барлық діннен ілім алу арқылы ақиқатты танып, ақиқатқа кез келген дін арқылы жетуге болатынын ұғынды. Ол: «Көп жолдың болғаны жақсы, егер бір ғана жол болса, ол тек бір ғана адамға тиесілі болар еді. Көп жолдың болуы ақиқатты әр адам өзінше тануына мүмкіндік береді. Құдай бір ілімде түсініксіз болса, екіншісінде түсінікті болуы мүмкін. Сол үшін оның мейірімі бәріне ортақ» [4, 114 б.], – деп жазады.

Үндістанның жағдайы нашарлап, өркениет діни дәстүрден бас тартқан бұрмалау кезеңде Рамакришна рухани тәжірибемен беделге ие болды. Өмір не үшін керек? Қандай бағытпен жүру керек деген сұрақтарға белгілі бағыт бар әрі өмірге келудегі мақсатында бар деп орынды жауап беру арқылы көпшіліктің көңілінен шықты. Адам жетістікке өмірдің әртүрлі бағыттармен жетері сөзсіз. Уақыты келгенде әркім өзінен сұрары хақ: «Мен дегеніме жеттім бе? Атақ, дәулет бәрі де бар. Бірақ менің өмірім несімен толы?» секілді мазасыз ойларға Рамакришна адам көкейінде жүрген осы сұрақтардың жауабын алу үшін құдайды тану керек деп үн тастайды.

Рамакришна іліміндегі негізгі түсініктер:

- құдайды тану – адамзат өмірінің басты мақсаты болып табылатындықтан, құдайды тану адамзатқа үлкен қуаныш пен тыныштық әкеледі;
- құдай біреу. Әр түрлі дінде түрлі атаумен берілгенімен ол дара;
- құдайды әр түрлі жолмен тануға болады;
- барлық діннің ақиқат екені соншалық, оның бәрі бір ғана Абсолют шындықты ұғынуға жетелейді;
- ақылдың тазалығы – құдайды танудың негізгі шарты;
- құдай мейірімді. Ол кез келген күнәһарды ниетіне қарай кешіре алады;

– құдайға деген сеніммен бірге өмірге деген құлшыныс қажет. Себебі, ол уайым мен қайғыны жояды;

– құдай барлық тірі тіршілікті бақылаушы. Сондықтан әр адамға мейіріммен қарау керек.

Рамакришна бойынша барлық күй шынайы болып табылады. Брахманды абсолют, майя, джив және әлем ретінде қабылдаймын. Егер бәрін бірге қабылдасам салмақ азайып қалады [5, 43 б.]. Табиғат құбылыстарын біріктіру жөнінде Рамакришнамен келісетін болсақ, бұл қалың, жұқа және себепті тән (қаран) болып табылады. Олар үлкен қоңыраудың соққысынан «донг» дыбысының ауада тарайтыны секілді кеңістікте абсолютте солай шашырайды. Шашыраған абсолюттен барлық феномендер шығады. Осы абсолюттен қалың, жұқа, себепті тән дамитын алғашқы себеп пайда болады. Сондай-ақ, танымның үш күйі енетін төрт күй осы абсолюттен шығады. «Донг» мысалы арқылы Рамакришна абсолюттен шығып, абсолютке қайта оралатын инволюция мен эволюция құбылыстарын айтқысы келеді.

Осылайша, Рамакришна материалды әлемнің шынайылығын мойындай отырып, Брахманың пайда болуын қарастырады. Сонымен қатар әлемді бір-біріне метафизикалық тұрғыда қарсы қояды. Оның айтуынша, материалдық әлемде болатынның бәрі Брахма әлемінен ешқайда жоғалмайды. «Мейірім мен зұлымдық, мейірімшіл мен қатыгездіктің» бәрі осы әлемде кездеседі. Бірақ бұлардың ешқайсысы Брахмаға әсер етпейді. Олар жанда (джива) өмір сүреді, бірақ Абсолютті Брахманға жолай алмайды. Брахманды шырақпен де салыстыруға болады. Осы шырақ алдында біреу қасиетті жазбаны оқыса, енді біреуі қиянат жасау мақсатында жалған жазбаны ойластыруы мүмкін [6, 188 бб.].

Диалектиканың жалпылығын және даралығын түсіндіруде Рамакришна бірізділікте болмады. Бір жағынан оның мақұлдауынша, жеке жанға қатыстының бәрі ешқашанда Брахмаға қатысты болмайды десе, екіншіден джива мен Брахманың теңдігін қарастырған. Осы тұжырымын мына мысалмен түсіндіреді: «Егер таяқшаны ағыстың үстіне қойсаң, су екіге бөлініп ағады. Екі жолмен ақса да екеуі де бір су. Шектеп тұрған таяқшаны алсақ, ағыс бір ізбен бөлінбей ағады дей отырып, шектеу қосындысын жою керектігін айтады».

Рамакришна жанды бүтін мен бөлшек бірігіп, азара араласқанда адам жанын құрайтын қыстырма материал деп қараған. Егер Брахман адам жанынан шығып кетсе, онда тән жансызда-

нады да құриды. Сондықтан адам жаны әлемдік таным магнитіне тартылып отырады. Магниттен ажыраса жан өшеді.

Брахманның феноменалды әлемімен әлемді қарсы қою Рамакришна ілімінің екі формасын мойындауымен байланысты:

- 1) шынайы емес (авидья);
- 2) шынайы (видья).

Табиғат құбылыстары мен заттардың бүлінбейтін, бөлінбейтін ақыл мен ойдың жоғарғы жетістігі Брахмаға қатысты. Осы түсінбеушіліктен туатын білім түрі авидья деп аталады. Құдай барлық жерде деп меңгерілген білім шынайы болып табылады. Бұл – видья [7, 57 б.].

Рамакришна болашақ йога деп, ойлардың тоқтап, жанда тыныштық патшалығы орнаған кездегі Брахманың жоғарғы таным күйі мен самадх күйіне жеткендігінен айтады. Рамакришна Брахманы таныған адам үнсіздікте болады дейді. Абсолютті танығанда ғана талдау мен дәлелдеме жүргізу болмайды. Мысалы майды табаға салғанда таба ішінде су болғандықтан, шашырайды. Су буға айналып, көтерілгенде ғана май қызып, шу басылады. Майға тілім тастағанда ол қайта қызғанша шашырауда болады. Рамакришна осы мысалды негізге ала отырып, Брахманы іздеушілерді маймен, сумен өзімшілдікті, материалды дүниені түсіндіреді. Брахманды талдау мен дәлелдеме келтіретіндерді шумен теңестіре отырып, отта тазарған тіліммен салыстырады. Сонымен су өзімшілдік пен дүниелік ретінде буға айналса, жан тазарып, бәсеке мен талдау тоқтатылып, абсолютті тыныштық самадхи күйінде патшалық етеді деп түсіндіріп кетеді [8, 77 б.].

Брахма мәнін түсіндіру мәселесінде Рамакришна агностиктік көзқарастың да бар екенін айта кетеді. Абсолюттің не екенін ешкім де айта алмайды. Абсолютке самадх күйі арқылы жеткеннің өзі де ол туралы хабар бере алмайды. Құдайды таныған жан кері қайтпайды. Себебі Брахманның жоғарғы білімін меңгерген адам «Мен» ұғымын жоғалтады. Ақыл әрекетшіл болуын тоқтатуымен қатар басқа сезімдік таным да жоғалады [9, 25 б.].

Осылай Рамакришна Брахманы танудың пайдасын осы принциппен түсіндіреді. Сондай-ақ, Рамакришна өз ілімінде жер бетіндегі адам өмірінің мәні жайында айтады. Адам майя торында адасып жүрген жан. Адам өмірінің мәні оның жаны торды бұзып, бостандық пен еркіндікке шығудан тұру керек. Бостандықты аңсаған жан бір күні оған қол жеткізеді. Бірақ бұл үшін көп еңбектену керек.

Мінез-құлқы жөнінен адам жанын Рамакришна төрт топқа бөлген. Ол жайында балықты мысалға алып түсіндіріп өткенін атап кеттік.

Жан әлемге неге бағынышты деген сауалға Рамакришна барлығы да адамның «Мен» сезіміне байланып тұрады. «Мен» өз күшін жойғанда ғана барлық қиындықтар тоқтайды. «Мен» сезімі қалың бұлтқа ұқсайды. Ұсақ бұлттар күн нұрын жауып тастауы мүмкін. Адам өзінің шынайы мәнін ұмытып, ақыл мен тәннің әртүрлі шектеген торына байланған. Әрбір жаңа бұйым жанды шектеп оның табиғатын өзгертеді. Материалдық дүниеде ақшаның рөлі зор. Материалдық дүниеге мас болған адам бойындағы «Менді» тез өсіріп алады.

Рамакришнаның ашуға күшпен жауап бермеу идеясы барлық адамзаттың теңдігі мен бірлігі туралы ілімімен байланысты. Ол ашуға «көзбе-көз, тіспе-тіс» принципін ұстанады.

Рамакришна өз ілімін адамға қызмет ету үшін қалдырған. Адам материалдық дүниеде өзінің қайдан шықты, қайда баратындығын білу керектігін ескертеді.

Рамакришна спиритизм мен теософия ізбасарларын сынға алады. Оккульттік күшпен билеп алуға тырысқан философтар рухани дамудың төменгі сатысына жатады. Бұл жерде басқа жердегі психикалық күштерді Ганга өзенінен өту секілді күйін негізге алады [10, 268-269 бб.].

Рамакришна іліміндегі өсиеттерді саралай отырып, мынадай діни-реформаторлық қозғалысының мақсаттары мен міндеттерін айшықтауға болады:

– мәңгілік шындық идеясын үндей отырып, құдайдың көптеген құбылыстары болғанымен де ол жалғыз. Әрбір діндегі алуан түрлі жалбарыну түрі бір ғана құдайға апарайды;

– монотеистік дінді ұстана отырып, әр діндегі сенім мен ағымдар арасындағы қарама-қарсылықты жою;

– жан өлмейді және потенциалды түрде құдайлық деп дәлелдейді;

– объективті-идеалистік веданта философиясын дамыта отырып, бұл әлем шын деп дәлел келтіреді;

– үнді халқының ішкі және сыртқы жауларына қарсылық көрсете отырып, жауға ырылда. Бірақ ашуға ашу қайтару негізінде ашумен күреспе.

Рамакришна дүниетанымы өте күрделі. Оның бір өсиеттерінде әрекеттенуден алыс болуды үндесе, бірінде тәжірибе үшін адамға жақын болуға шақырады. Өзін құдайға арнауын айта отырып, діни дәстүрлерді күшейтуден сақ бо-

луға шақырады. Бірақ мұнда ешқандай қарама-қарсылық жоқ. Рамакришнаның айтуынша, құдайлық мәннің пайда болуы сияқты әлем жеке адам жанының мекен орны болса, ал азат болу осы әлемдегі карма заңына байланысты. Мате-

риалдық дүниеден шектелуді қажет етіп қана қоймай, ол ізгі істер істеуге де міндетті. Бәріне сабырлықпен қарау керек. Материалдық дүниеге беріліп құдайды естен шығарып алмау қажеттігін де ескертеді.

#### Әдебиеттер

- 1 Mahatma Gandhi. Mera sanatha dharm – Hinduism // Харижан. – 28.07.1942. – 15 p.
- 2 Romain Rolland. The life of Ramakrishna. – Almorah, 1930. – 132 p.
- 3 Max Muller. Ramakrishna, Sayings. – Almorah, 1930. – 247 p.
- 4 Dr. Santosh Agrval. Gannanchal. Delhi, 2004. – 192 p.
- 5 Акиф Манаф Джабир. Шрила Прапхупада об Исламе. – Истамбул, 1996. – 72 с.
- 6 Swami Vivekananda. Ramakrishna and his life. – Mumbai, 1962. – 105 p.
- 7 Dr. Vasant. G. Gadre. Papeles de la India. – Delhi, 2005. – 167 p.
- 8 Bhavtashpan Ypadhai. Bhartya viakti kosh. – Delhi, 1999. – 260 p.
- 9 Mahendr Radja Djein. Gianodath. – Illahabad, 2006. – 134 p.
- 10 Shimon Pres. Aadj ka yoga badla gaya // Dharm ki dishaen june. – 2007. – 83 p.